

ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ КРИМИНАЛИСТИКАМЕН ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСПЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Қылмыстылыққа қарсы әрекет етуде жедел-іздестіру қызметінің криминалистикамен және қылмыстық-процестермен өзара қарым-қатынасын ажыратып кәрсетуіміз қажет. Осыған байланысты осы мақалада олардың ұқсастығы мен айырмашылықтарын жеке-жеке кәрсетуге тоқталып кеттік.

Қылмысқа қарсы күресті реттейтін құқықтың барлық негізгі салаларына талдау жасай отырып, соның ішінде жедел-іздестіру қызметі мен криминалистикаға, мынадай тұжырымға келуге болады, олар бір-біріне ұқсап азаматтардың әмірін, денсаулығын, құқығын, бостандығы мен заңды мүдделерін қорғауға, жекеменшік, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қылмыстық қол сұғудан қорғауға, қылмыстық заңнама нормалары аясында шешуге бағытталған. Сәйкесінше, криминалистика мен жедел-іздестіру қызметін бірегей заң ғылымы саласы ретінде қарастыра отырып, мынадай тұжырымға келуге болады, олар осы ғылымның басқа салалары ретінде зерттеудің жалпы объектісіне ие болады — азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған танымдық және қайта әзгеру қызметі. Сонымен қатар зерттеу пәні заң ғылымының әртүрлі салаларында басқаша болып келеді. Криминалистика ғылымының пәні болып тәжірибелік із жүргізуді жүзеге асыру мен ұйымдастыру заңдылығы және қылмысты жасау, дайындау, құқық қорғау органдарына қарсы әрекет ету негізінде жатқан заңдылық пен бұл қызметтің тойтарысы болып табылады. Жедел-іздестіру қызметі ғылымының пәні ретінде азаматтардың әмірін, денсаулығын, құқығын, бостандығы мен заңды мүдделерін қорғау, жеке меншікті, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүргізу мен ұйымдастыру заңдылығын бәліп қарастыруға болады.

Егер криминалистика мен жедел-іздестіру қызметінің мақсаттары сай келсе, олар шешетін міндеттері, кей кезде сәйкес келгенмен, негізінен әртүрлі. Қазақстан Республикасы «жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңның 2-бабында жедел-із-дестіру қызметінің келесідей міндеттері кәрсетілген:

- адам мен азаматтың әмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті заңға қарсы қол сұғулардан қорғау;
 - қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оның экономикалық әлеуеті мен қорғаныс қабілетін нығайтуға жәрдемдесу;
 - қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу;
 - жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынған, қылмыстық жауаптылықтан жалтарған адамдарды, хабар-ошарсыз кеткен азаматтарды және заңмен кәзделген реттерде басқа да адамдарды іздестіру жәніндегі шараларды жүзеге асыру, сондай-ақ табылған, танылмаған мәйіттерді сәйкестендіру;
 - шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің барлау-бүл-діру әрекетін анықтау, алдын алу және болдырмау;
 - Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа күзетілуге тиіс адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
 - мемлекеттік шекараны күзетуді қамтамасыз ету;
 - мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәлімет-терді қорғауды қамтамасыз ету, коммерциялық құпияны қорғауда ұйымдарға жәрдемдесу;
 - бас бостандығынан айыру орындарында қылмыстық-атқару заңдарымен белгіленген режимді қолдау;
 - жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
- Сонымен бірге криминалистика міндеттері болып қылмысты анықтау, ашу, жолын кесу, алдын алу болып табылады.

Жедел-іздістіру қызметінің құқық қорғау функциясының объектісі болып Қазақстан Республикасының заңнамасымен жауапкершілігі кәрсетілген, оларға байланысты құқыққа қарсы қызметінің қатыстылығы бекітілген немесе мүмкін болуы туралы деректері бар адамдар мен ұйымдар болып табылады.

Криминалистиканың тану объектісі болып қылмыстар және қылмыспен байланысты басқа да оқиғалар, ал іздеу мен оқу объектісі болып — сәйкесінше жүргізуге мағынасы бар ақпа-раттар мен ақпарат жинауды тасымалдаушылар болып табылады.

ЖІҚ субъектілері — жедел-іздістіру қызметінің құқық қорғау және арнайы функцияларын жүргізуге бағытталған Заңмен бекітілген мемлекеттік органдар.

Криминалистика субъектілері — тергеушілер, анықтау органының қызметкерлері, криминалист-сарапшылар және т. б.

Жедел-іздістіру қызметі мынадай құралдармен мінезделеді, құпия кәмекшілер аппараты, жасырын бақылау мен жедел анықтау, арнайы жедел-техникалық құралдар.

Криминалистикада негізінен ЖІҚ арнайы жедел-техникалық құралдарына ішінара қатысы бар криминалистикалық және жедел техниканың жалпы және арнайы құралдары қолданыла-ды. Бұл жерде әңгіме құралдардың теориялық мағынасында емес, пәндік-тәжірибелік мағынасында жүреді, онда құралдардың танымдық қызметіне болжамдар, басқа ой модельдерін, тану әдістерін, тактикалық әдістерді жатқызады.

Жедел-іздістіру қызметі мен криминалистиканың түрлері мен әдістерін де ажыратады.

ЖІҚ негізгі түрін жүргізуге жария және жасырын жедел-іздістіру шаралары мен операциялары жатады. Криминалистикаға мынадай түрлер жатады: криминалистикалық зерттеулер, тергеу әрекеттері.

ЖІҚ әдістері болып жария және жасырын танымдық әдістері мен әсер ету әдістері болып табылады.

Криминалистика әдістері — бұл қылмыстық іс жүргізуде құқыққа қарсы әрекетке қолданытын іздер, анықтау, алу, тіркеу, сақтау, зерттеудің жария әдістері.

Бұл жүргізілген салыстырулар арқылы мынадай тұжырым жасауға болады, жедел-іздісті-ру қызметі мен криминалистиканың негізгі құрушы элементтері әртүрлі (тек объектілері мен зерттеу мақсаттары ғана сәйкес келеді). Бұл ЖІҚ-тің криминалистикаға байланысты жеке мінезделуімен дәлелденеді.

Осының барлығын былай түсіндіруге болады, жедел-іздістіру қызметі криминалистикаға қарағанда ерте дамығанмен, соңғысы заң ғылымының саласы ретінде алғашқы болып рәсімделіп, сәйкесінше, қажетті кезеңде ЖІҚ-тің дамуымен салыстырғанда озық нәтижеге жетті. Жедел-іздістіру қызметі мен қылмыстық-процестік қызметтер құқық қорғау органының екі түрі ретінде тығыз қатынасатындықтан, олардың өзара қатынасы туралы сұрақтар ЖІҚ-тің ғылыми негізін анықтауда тәжірибелік мағынаға ие болып табылады. Қылмыстық процесс оқулығының авторлары, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін шығарған авторлар, жедел-іздістіру қызметінің ғылыми негізі және бұл қызметтің қылмыстық процесспен өзара қатынасы туралы сұрақты қозғамайды.

Соңғы кездері Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінде жедел-іздістіру қызметі мен қылмыстық-процесс қызметінің өзара қатынасына байланысты бірқатар жарияланымдар пайда болды. Бұл жерде бірқатар авторлардың кәзқарасы жекелеген аспектілер бойынша оқиғаларда сәйкес болмай тұр, ол бұл сұрақтың өте шиеленісті екенін және қаралатын қатынастың кейбір мәселелерін тексеру қажеттігін кәрсетеді.

Қылмыстық процестің кәп салалы екендігін ескере отырып, тек жедел-іздістіру қызметі мен қылмыстық процестің құқық қорғау функциясы бойынша атқаруына байланысты салыстырмалы талдау жүргіземіз.

Жедел-іздістіру қызметі мен қылмыстық процесс қызметінің анықтамаларына сәйкес, мынадай тұжырым жасауға болады, құқық қорғау қызметінің екі түрінің де мақсаты бір — адам мен азаматтың әмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті заңға қарсы қол сұғулардан қорғау, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бірақ олардың шешетін міндеттері кәп жағдайларда сәйкес келмейді. Жедел-іздістіру қызметтерінің міндеттерін жоғарыда кәрсетіп өттік. Ал Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексінің 8-бабында оның міндеттеріне «қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды

жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау» болып табылады делінген. Сондай-ақ осы баптың 2 бөлімінде «қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектенуден қорғауды, ал кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу кәзқарасын қалыптастыруға ықпал етуге тиіс делінген». Осыдан мынадай қорытынды жасауға болады, құқық қорғау қызметінің екі түрінің де жалпы міндеттеріне қылмысты ашу мен ескерту міндеттері жатады. Жедел-ізвестіру қызметінің объектілеріне кімдер жататынын жоғарыда көрсетіп кеттік. Қылмыстық процесс объектілеріне келер болсақ, мұнда біркелкі кәзқарас жоқ. Біреулер қылмыс жасаушы күдіктілер мен сезіктілерді осылардың қатарына жатқызса, екіншілері болған оқиғалар мен қылмыстарды жатқызса, үшіншілері бұл сұраққа жауап бермей кеткен.

Жедел-ізвестіру қызметінің субъектілеріне де жоғарыда тоқталып өттік. Ал қылмыстық процестің субъектілеріне келетін болсақ, бұл алдымен, анықтау органдары, алдын ала тергеу, прокуратура, сот.

Жедел-ізвестіру қызметінің түрлеріне келетін болсақ, ол жария және жасырын жүргізілетін жалпы және арнайы жедел-ізвестіру шараларынан тұрады.

Қылмыстық-процестің түрлері ҚПК көрсетілген тергеу әрекеттерінен тұрады және ол тек жария болуға тиіс.

ЖІҚ әдістері болып жария және жасырын танымдық әдістері мен әсер ету әдістері болып табылады.

Қылмыстық процестің әдістеріне тек жария жүргізілетін және ҚПК аясында ғана қолданылатын танымдық және әсер ету әдістері қолданылады.

Құқыққа қарсы қызметті ескерту кәп жағдайларда Қылмыстық-процестік кодекспен көрсетілген шараларды жүргізу арқылы емес, жедел-ізвестіру шараларын жүргізу арқылы жүргізіледі. Сонымен қатар жедел-ізвестіру әдістерін қолдану арқылы дипломатиялық иммунитетке ие адамдарға байланысты жолын кесуді жүргізуге болады.

Жедел-ізвестіру мен қылмыстық-процестік қызметтерді сәйкестендіру арқылы мынадай тұжырым жасауға болады: 1. Жедел-ізвестіру мен қылмыстық-процестік қызметтің құқық қорғау функциялары бір мақсатты кәздегенмен, бірақ оны орындау кезінде негізінен басқа міндеттерді шешеді, тек олардың жалпы міндеттері бірдей — олар қылмысты ескерту мен ашу.

2. Жедел-ізвестіру мен қылмыстық-процестік қызметтердің құқық қорғау функцияларының субъектілері, объектілері, түрлері мен әдістері негізінен әртүрлі.

3. Жедел-ізвестіру қызметінің түсінігі, оның ішінде құқық қорғау функциясы алда тұрған міндеттерді шешу кезінде қылмыстық-процесс аясынан кәп шығып кетеді.